

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 24 ақпандағы N 80 "Батыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы экономикасының нақты секторы салаларын бюджеттік несиелендіру мәселелері" жөніндегі қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 26 мамырдағы N 148 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 4 маусымда N 3026 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 7 наурыздағы № 67 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 07.03.2017 № 67 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Батыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы экономикасының нақты секторы салаларын бюджеттік несиелендіру мәселелері" туралы 2005 жылғы 24 ақпандағы N 80 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2902 тіркелген, 2005 жылғы 5 сәуірдегі "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі N 118 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 24 ақпандағы N 80 "Батыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы экономикасының нақты секторы салаларын бюджеттік несиелендіру мәселелері" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы, нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3010 тіркелген, 2008 жылғы 31 мамырдағы "Орал өңірі" N 47 газетінде жарияланған) қаулысына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1) аталған қаулының және осы қаулымен бекітілген ереженің кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне" деген сөздер және сандармен ауыстырылсын;

2) аталған қаулының және осы қаулымен бекітілген ереженің кіріспесіндегі "

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы Ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына" деген сөздер мен сандар сәйкесінше "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысына" деген сөздер және сандармен ауыстырылсын.

2. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 24 ақпандағы N 80 "Батыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы экономикасының нақты секторы салаларын бюджеттік несиелендіру мәселелері" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2008 жылғы 16 сәуірдегі N 118 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3010 тіркелген, 2008 жылғы 31 мамырдағы "Орал өңірі" газетінде жарияланған) қаулысына төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына" деген сөздер мен сандар сәйкесінше "Бюджеттердің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысына" деген сөздер және сандармен ауыстырылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі